

Өндіріспен айналысатын шағын кәсіпкерліктің субъектілерінің мерзімін сату жөніндегі ашық конкурсты ұйымдастыру және өткізу туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі 1997 жылғы 17 сәуір Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 6 маусымда тіркелді. Тіркеу N 312. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 475 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 31.12.2019 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1.1. "Өндіріспен айналысатын шағын кәсіпкерліктің субъектілерінің мерзімін ұзарту арқылы жер учаскелерінің пайдалану құқығын сату жөніндегі ашық конкурс ұйымдастыру және өткізу туралы ереже"* Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы"* 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 Жарлығына U973398_ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 25 наурыздағы N 77-р өкіміне сәйкес әзірленді.

Ескерту: Бұдан әрі - Ереже

1.2. Осы ереже өндіріспен айналысатын шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне 5 жылға дейінгі мерзімге жер учаскелерін сату жөнінде конкурсты әзірлеу, жариялау және өткізу тәртібін белгілейді.

1.3. Конкурстың мақсаты осы аумақтағы жер учаскесін алудың ең пайдалы шартын ұсынатын заңды және жеке тұлғаларды таңдау болып табылады.

1.4. Конкурсқа ұсынылған жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер заңдарына сәйкес конкурс жеңімпазына жер пайдалануға немесе жеке меншікке беріледі.

II. Конкурсты ұйымдастырушылар

2.1. Жергілікті атқарушы органның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің** аумақтық органы конкурсты ұйымдастырады және өткізеді.

Ескерту: бұдан әрі - Комитет

2.2. Конкурс әзірлеу мен өткізу үшін құрамына жеткілікті атқарушы органның, құрылыс және сәулет, қала құрылысының бақылау аумақтық органдарының, Қазақстан Республикасы экономика және сауда министрлігінің, Ауыл шаруашылығы министрлігінің жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетімен басқа да мүдделі ведомстволардың өкілдері кіретін конкурс комиссиясы*** құрылады. Комиссия құрамын жергілікті атқарушы орган бекітеді.

Ескерту: Комиссия

Комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы керек. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің аумақтық органының өкілдерінен комиссия төрағасы бекітіледі.

III. Конкурсты әзірлеу тәртібі

3.1. Комитеттің ұсынысы бойынша жергілікті атқарушы орган конкурсқа қойылған жер учаскелерінің тізбесін бекітеді.

3.2. Комиссия жер учаскесінің бастапқы төлем бағасын тәртібін, оның түрін және төлеу мерзімін, конкурс қорытындысын шығару күнін белгілейді, Ақпараттың хабарлама жариялау туралы шешім қабылдайды. Конкурсты өткізеді және конкурс жеңімпазын жариялайды.

3.3. Конкурсқа қойылған жер учаскесіне құжаттардың пакеті:

- жер учаскесін беру шартын, оның нысаналы арналуы мен бастапқы бағасын;
- жер учаскесін тұрақты жер пайдалану құқығын сатып алу-сату мерзімін ұзарту шартының жобасы;
- жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу үшін етілген қажетті барлық келісімдермен сәулет-жобалау тапсырмасы;
- инженерлік коммуникацияларға қосуға пайдаланушы ұйымдармен келісілген техникалық шарттар;
- осы Ережені қамтиды.

3.4. Комиссия бекіткен конкурс шарттары мен ақпараттық хабарландыру

мәтіні Комитетке жарнамалық компания өткізу, конкурс құжаттары пакеттерін

тарату үшін беріледі.

3.5. Ақпараттық хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс

қорытындысы шығарылып жарияланғанға дейінгі, 30 күнтізбелік күнге кешіктірмей жарияланады. Ақпараттық хабарлама мынадай мәліметтерді қамтуы

керек:

- жер учаскесінің орналасқан жерін, оның көлемін, нысаналы пайдалануын;
- бастапқы бағасын;
- конкурс қорытындысын шығару жөніндегі комиссия мәжілісін өткізетін күнін, уақытын және орнын;
- конкурста қатысуға тапсырыс берудің соңғы мерзімін;
- Комитеттің мекен-жайы мен телефондарының номерлерін;
- комиссияның қарауы бойынша басқа мәліметтерді.

IV. Конкурста қатысу шарттары

4.1. Конкурста қатысуға ақпараттық хабарламада белгіленген мерзімнен кешікпей конкурста қатысу тапсырыстарын ресімдеген, өндіріспен айналысатын, шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік тіркеу жөнінде тиісті құжаттарын ұсынған заңды және жеке тұлғалар жіберіледі. Конкурста қатысуға ниет білдіргендер өзінің өкілдері (сенімді адамдары) арқылы да іс-әрекет жасауы мүмкін. Конкурс қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және конкурс өткізуден 3 күн бұрын аяқталады.

4.2. Конкурста қатысуға белгіленген мерзімде тапсырыстар бергеннен соң Комитет белгілеген мерзімге жер учаскесінің бағасы және пайдалану жөніндегі жеке конвертте мөрленген ұсыныстар ұсынады.

4.3. Комитет құжаттарды алғаннан соң тапсырыс берушіге оның конкурста қатысуы туралы жазбаша хабарлама береді. Жазбаша хабарлама алған сәттен бастап тапсырыс беруші конкурста қатысушы мәртебесін алады.

4.4. Конкурста қатысуға тапсырыс беруші адамдар туралы мәліметтер жариялауға жатпайды.

4.5. Конкурста қатысушы конкурста қатысу туралы өзінің арызын конкурс өткізудің белгілеген мерзіміне дейін үш күн бұрын бұл туралы комитетке жазбаша мәлімдеп қайтарып алу құқығына ие.

4.6. Тапсырыс берушіні конкурста қатысуға қабылдамауы мүмкін, егер:

- тапсырыс берген адам қолданып жүрген заңдарға сәйкес сатып алушы ретінде танылмаса;

- тапсырыс берген адам осы ережеде көзделген міндетті құжаттарды мерзімінде ұсынбаса.

4.7. Конкурс қатысушылары Комитеттен қатысушыға қол қойылып берілетін конкурс құжаттарының пакетін алады.

4.8. Конкурс қатысушысына Комитет конвертті ашатын, уақытта ұсыныстар мен конкурс қорытындыларын жариялауға қатысу үшін 2 адамға шақыру билеті беріледі.

4.9. Комитет Комиссияның тапсырысы бойынша екі апталық мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс қорытындысы туралы мәлімдеме береді.

Ү. Қатысушылардың ұсыныстарын қарау тәртібі

5.1. Қатысушылардың ұсыныстарын комиссия конкурс шарттарын осы Ережеде белгіленген және конкурс жеңімпазын анықтау өлшемін белгілеу арқылы қарайды. Жеңімпаз анықталып белгіленуі, ережеге сай, жер учаскесіне ұсынған баға болып есептеледі.

5.2. Белгіленген күн мен сағатта Комиссия мәжілісінде келіп түскен ұсыныстар бар конверт ашылады, белгіленген барлық талаптардың сақталуы тексеріледі, қажетті мәліметтер мен құжаттардың саны анықталады және дауыс беру негізінде конкурс жеңімпазы анықталады. Конкурстың жеңімпазы комиссия мүшелерінің дауыстарының көптігімен анықталады. Төрағаның даусы шешуші болып табылады.

5.3. Конкурста қатысуға тапсырыстарды жасыру, қорытынды шығару барысында оларды есепке алмау қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартылады. Бұл жағдайда конкурс қорытындылары дұрыс емес деп танылады.

5.4. Екі немесе одан көп қатысушылардың ұсыныстары конкурс шарттарын қанағаттандыратын және бірдей өте жоғары бағаны құрайтын жағдайда Комиссия жеңімпазын анықтау үшін қосымша өлшем белгілейді.

5.5. Комиссия мәжілісінің қорытындысы бойынша мәжілісте қатысушы барлық мүшелері қол қоятын хаттама жасалады. Конкурс қатысушылар мәжіліс хаттамасымен танысуға құқығы бар. Қорытынды хаттамада мынадай ақпараттар қамтылады:

- мәжілісте қатысып Комиссия мүшелерінің тізімі;
- учаскенің атауы;
- конкурс қатысушылар мен олардың ұсыныстары жөніндегі мәліметтер;
- конкурс жеңімпазының атауы (аты);
- жер учаскесінің алу бағасы төлем түрі, жеңімпазды анықтауға негіз болған қосымша шарттар.

5.6. Конкурс қорытындысын шығарған күні Комитет конкурс жеңімпазына оның жеңімпаз болып танылуы туралы және сатып алу-сату шартына қол қоюы үшін 2 күн мерзімде келуге шақырып жазба түрінде хат береді.

ҮІ. Есептесу тәртібі

6.1. Конкурс қорытындысы шығарылғаннан соң 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей, оны өткізу қорытындылары туралы хаттама негізінде, жергілікті атқарушы орган мен конкурс жеңімпазы, шарттың мәні, тараптардың құқықтары мен міндеттері, учаскенің құны, мерзімін ұзарту арқылы төлем түрі мен мерзімі көрсетілген, жер учаскесін тұрақты жер пайдалану құқығын сатып алу-сату шартына қол қояды.

6.2. Төлем мерзімін ұзарту арқылы алынған жер учаскесінің құнының бөлігін төлеу жыл сайын сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 10 банктік күннен кешіктірмей жүргізіледі.

6.3. Аталған ақырғы бағаның соңғы бөлігінің сомасын төлегеннен кейін 10 күн мерзімді жеңімпазға меншік құқығын, тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік акт төлемсіз беріледі.

6.4. Егер конкурс жеңімпазы белгіленген мерзімде төлемін жүргізбесе, онда төлемнің кешіктірілу себебін түсіндіретін кепілдік хат негізінде өтем мерзімі созылуы мүмкін, Белгіленген төлем мерзімі қайта бұзылған кезде Комитет сатып алу сату шартын бұзу туралы конкурс жеңімпазына хабарлайды. Бұл жағдайда бұрын төленген сомасы қайтарылмайды және Комиссияның шешімі бойынша жеңімпаз болып жоғарыдан кейінгі бағаны ұсынған қатысушылар жарияланады немесе осы учаске келесі конкурсқа шығарылады немесе одан алынып тасталады.

6.5. Осы Ережеде көзделген құжаттарды ресімдеу үшін белгіленген мерзімде конкурс жеңімпазының келмеуі, сондай-ақ оларды ресімдеу жеңімпаздың кінәсі бойынша кешіктіру конкурста жеңуден және жер учаскесіне құқық алудан тиісті бас тарту ретінде қаралуы мүмкін. Бұл жағдайда, жоғарғыдан кейінгі бағаны ұсынған қатысушы, сондай-ақ жеңімпаз аталады, немесе осы учаске келесі конкурсқа шығарылады немесе одан алынып тасталады.

6.6. Объектіні сатудан түскен қаржылар, конкурсқа ұйымдастыру мен өткізуге кеткен шығындардың басқа, мемлекеттік бюджет пайдасына жіберіледі.

ҮІІ. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Осы Ереже белгіленген конкурс өткізу тәртібі бұзылған жағдайда оның қорытындылары дұрыс емес деп танылуы мүмкін.

7.2. Конкурс нәтижесінде туындаған даулар заң негізінде қаралады.